24) тәулік сайын, БҚЖ жөніндегі мәліметті шапшаң түрде (факсограмма, электрондық пошта, т.б.) беруге. Тапсырыс берушімен ақпаратты беру мерзімі мен кезеңдігіне келіседі және апаттық жағдайларда оларды өзгертуі мүмкін. Ақпарат беру мерзімі бұзылған және дәйексіз ақпарат берілген жағдайда, Мердігер №2 Қосымшаның 1.2 тармағының 12) тармақшасына сай жауапкершілікте болады;

25) ұңғыларды жөндеу уақытында және жабдықты тасымалдау барысында жер асты және жер үсті коммуникацияларының бүлінуіне жол бермеуге;

26) Мердігердің кінәсінен жіберілген апаттарды, жұмыстағы жіберілген кемшіліктер, ұңғыларды жөндегенде мұнай, газ, судың көрінісін (бұдан әрі-МГСК) және ашық атқымаларды тексеру Актісі негізінде Мердігердің есебінен жойылуы керек.

Мердігер Жұмыс берушіні қорғауды қамтамасыз етуге міндеттенеді, шығынданған жағдайда шығынды өтеуге, талап арыздан, дене жарақатынан, өлімнен, мүлік шығынынан, заттардың қалдықтары алынған жағдайда, осыған қоса Қондырғының зақымдануы немесе жойылған жағдайда:

•Тапсырыс берушінің саға жабдықтары өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық талаптарына сәйкес болып ұңғыны басу уақытында, атқылама болғанда, қадағалауды өзіне алу, егерде Шарт бойынша ұңғыда күрделі жөндеу жұмысы жүргізілгенде, қайсы бір жағдайда атқылама болғанда;

27) қоршаған орта жағдайының барлық эмиссия нормасын сақтауға, барлық жиналған қоқыстары жауапкершілігіне алып оларды шығаруға және жоқ қылуға, сонымен қатар Тапсырыс берушінің алаңдарында орналаспауын және таралмауын қамтамасыз етуге;

28) ұңғыларда қолданылатын жабдықтың, құрал-саймандар мен материалдардың ықтимал бүліну тәуекелдіктерінен, сондай-ақ жөндеу жұмыстары жүргізілген кезеңде оларды жойып алудан сақталуын қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушіге келтірген шығын орнын толтыруға жауапкершілік Мердігерге жүктеледі;

29) Жұмыс аяқталғаннан кейін ластанған жерді жойып, ұңғы сағасы аумағын жайғастыру;



30) Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде өз Персоналын өз есебінен қамтамасыз етуге:

- телефон және радиобайланыспен,
- жеке қорғаныс құралдарымен және өндірісте қауіпсіздік техникасының өзге де құралдарымен,
- арнайы киімді жуу және жайларды жинау;

31) өзіне тиесілі Жабдықтың барлық тексерулерін / инспекцияларын уақытында жүргізуін өз есебінен қамтамасыз етуге;

32) осымен Мердігер өзіне жауапкершілік қабылдайды және Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс жасайтын өз персоналына Тапсырыс берушінің кенорнында медициналық жәрдем көрсету жөніндегі тармақтардағы барлық медициналық қызметтердің ақылы негізде берілетіні туралы хабар беруге міндеттенеді. Кенорнында болған Мердігердің Персоналы медициналық пунктке жәрдем сұрап барған жағдайда, Тапсырыс берушінің медициналық жәрдем көрсетуге жұмсалған барлық шығындары (оған пайдаланылған дәрілік құралдар мен материалдардың құнын қосқанда) Тапсырыс берушіге толық мөлшерде өтелуге тиіс;

33) Жұмыстарды Шартқа сай лайықты және сапалы орындауға қажет өзге де шараларды қабылдауға;

34) Участкеде табылып, тарихи немесе өзге де мүдделерді білдіретін және құндылығы бар кез келген заттар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады. Мердігер Тапсырыс берушіге осы заттарды тапқан сәттен бастап екі күн ішінде хабар беруге және оларды Тапсырыс берушіге Акт бойынша табыстауға тиіс;

35) Тапсырыс берушіге жұмыстар жүргізген бүкіл уақыт кезеңінде жұмыс алаңының барлық бөліктеріндегі кез келген жұмысқа және кез келген уақытта еркін кіруіне мүмкіндік жасауға;

36) Жұмыстарды орындау үшін мұнай өнімдерімен (АИ-92 бензині және дизель отыны) қамтамасыз ету "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ ЖМҚС арқылы жүргізілетін болса, мұнай өнімдерін босату осы сәйкес жүргізілетін болады.

37) Ұзақ мерзімді талап ететін Наряд-тапсырыста көзделмеген қосымша жұмыстар анықталған жағдайда екі жақты акті жасасып ұңғыманы уақытша қалдырады. Бұл ретте төлем бригаданың көшуіне, көтергіш агрегатты монтаждау және демонтаждауға ғана жүргізіледі;

38) Шартпен белгіленген мерзімде міндеттерді орындау мүмкін болмаса, Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталуына 15 күнтізбелік күн қалғанда, Тапсырыс берушіге бұл мерзім өткеннен соң Жұмыстарды әрі қарай орындау мүмкіндігі туралы жазбаша сауал жіберуге, Тапсырыс беруші Жұмыстарды жалғастырудан бас тартқан немесе Тапсырыс берушіден Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде жауап келмеген жағдайларда, Шарт бойынша міндеттерді орындауды тоқтатуға.



4652696298

39) Жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жағдайда. Жұмыстарды орындауға қажетті, отандық тауарларды сатып алу бойынша кепілдік міндеттемелерді орындауды растау, Жұмыстардың орындалуын растайтын, тиісті (түпкілікті) актіге Тараптармен қол қойылған күнге дейін Мердігермен СТ-KZ сертификат көшірмесін ұсыну болып табылады.

40) Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды аяқтағаннан кейін, Тапсырыс беруші ақтық есептесуден кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешікітірмейтін мерзімде, Тапсырыс берушінің Жауапты маманының адресіне Шарт бойынша өзара есептесулерді тексеру актісін жолдама хатымен қолма қол немесе курьерлік поштамен жіберуге.

41) жөндеу жұмыстарымен байланысты арнаулы техникаларды GPS мониторинг жүйесімен қамтамасыз ету.

42) GPS мониторинг жүйесі Тапсырыс берушінің өндірістік инфраструктура нысанымен байланыстырылып техникалардың қозғалыс маршруттарын, жылдамдықтарын көрсетіп есеп беруі қажет.

43) Тапсырыс берушіні GPS мониторинг жүйесі on-line кіруімен қамтамасыз ету.

44) GPS мониторинг жүйесінің мұрағат тереңдігін үш айдан кем емес уақытпен қамтамасыз ету.

45) Тапсырыс берушіні қолма-қол жүк-салмақты бақылау жүйесіне on-line кіруімен қамтамасыз ету.

46) шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтау мәніне Мердігердің (Орындаушының) жұмыскерлерінің жүйелі түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге.

47) Тапсырыс берушіге Мердігердің (Орындаушының) кінәсі бойынша пайда болған Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын және ішкі құжаттарды сақтамауына байланысты мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалардың тарапынан берілетін наразылықпен, сот талаптарымен, айыппұлдармен байланысты шығыстар мен шығындарды толық өтеуге міндетті.

1.5.2 Тапсырыс беруші міндеттенеді:

1) Тараптармен қол қойған ҚМӨА бойынша жөндеу аяқталған ұңғыларды қабылдау Актісі мен ұсынылған фактура-шоты негізінде орындалған жұмыстардың қабылдауын жүргізуге және олардың төлемін Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге;



- 2) Мердігердің өтініші бойынша, БҚЖ кезінде жеткен тереңдікті анықтауға жұмсалған қызметті өзіне алуға;
- 3) кез келген уақытта жұмыстардың барысы мен сапасын тексеруге;
- 4) апта сайын жұмыстарының қозғалыс кестесін анықтағаннан кейін ұңғылар бойынша жүргізілетін жөндеу түрлерін көрсетіп ұңғылардың тізімін беруге;
- 5) Мердігердің өтініміне сай, ұңғылар жөніндегі геологиялық-техникалық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 6) Мердігерге нысандар арасындағы қашықтықтар картасы мен қозғалыс бағарларын, ұңғыдағы ақпарат өзгерген кезде тапсырмаларға толықтыруларды беруге;
- 7) Мердігерге ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасын тарта отырып, қабаттардың мұнай беруін арттыру бойынша жұмыстарының жоспарланған көлемін;
- 8) Мердігерді осы бөлімнің 1.5 т-ның 31) тармақшаларымен көзделген талаптарда және көлемде мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуге;
- 9) Тапсырыс беруші пайдаланатын қабат (ілеспе) суын өзінің ақысынан беруге тек қана Қоғамның өндіріс мақсатында жасалатын жұмыстарына, яғни Қоғамның кен орындарында жөндеу жұмыстары кезінде пайдалануға беруге міндеттенеді, жоғарыда аталған жұмыстарға пайдаланған мөлшерін талап ету қағазымен, жауапты адам арқылы алынған Сенім хатқа және суды пайдалануға алынған акті бойынша, аталған мақсатында пайдаланғанын растап есеп берге.

1.5.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

1. ұңғымаларды жөндеу кезінде нормативтік құжаттар мен регламенттердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру.
2. Өндірістік қажеттілікке байланысты Тапсырыс берушінің тапсырысқа-тапсырыс берушінің нарядына сәйкес басқа немесе сол жұмысты орындау үшін БҚЖ бригадасын басқа ұңғымаларға ауыстыруға құқығы бар.

1.7. ҚҰЖАТТАМА ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

- 1) Мердігер ҚМӨА жұмыстары бойынша Жұмыстар басталатын күннен екі күн бұрын Тапсырыс берушінің ұңғыға Тапсырыс-жүктелім негізінде БҚЖ жұмыстарының Жоспарын әзірлеуге және Тапсырыс берушінің келісуіне ұсынуға тиіс.



- 2) Тапсырыс беруші Тапсырыс-жүктелім мен Ұңғылар бойынша барлық қажетті ақпаратты Мердігерге Ұңғыға көшерден кемінде бес күн бұрын беруге тиіс.
- 3) Тапсырыс-жүктелімге ұңғылардың алдыңғы геофизикалық зерттеулері; алдыңғы жүргізілген жөндеу жұмыстары, пайдалану колоннасында қабаттардың сынақтан өтуін қосқанда, бірақ олармен шектелмейтін мәліметтер кіреді, шегендеу колонналарының түсіру тереңдіктері мен диаметрі көрсетіледі, сондай-ақ Шарттың №3 Қосымшасы бойынша өзге де мәліметтер қамтылады.
- 4) Мердігер алынған құжаттаманың сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Жұмыстардың орындалуы аяқталған соң Мердігер Тапсырыс берушіге алынған құжаттама мен өзге де бастапқы ақпаратты қайтарып беруге (ал Тапсырыс берушінің талабы бойынша - жоюға) міндетті. Құжаттама мен өзге де бастапқы ақпараттың қайтарып беру (жою) екі Тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойған құжаттама қабылдау-табыстау (жою) Актісімен рәсімделеді.
- 5) Жұмыстарды орындау барысында Мердігер БҚЖ бригадасының Журналында толық әрі нақты жазбалар жүргізіп, әрбір ұңғы бойынша жүргізілетін барлық жұмысты көрсететін Күн сайынғы мәлімет-терді дайындап Тапсырыс берушіге тапсырады.

1.8. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ

- 1) Шартқа қол қойылған соң, Тараптар бір біріне жазбаша түрде жұмыс алаңындағы өз өкілдері туралы (Тапсырыс берушінің Өкілі мен Мердігердің Өкілінің аттарын атап) хабар береді. Осы тәртіп тұлғалардың кез келген ауысуында қайталануы тиіс.
- 2) Ағымдағы айдың жоспарын бекіту және жабу мақсатында Мердігер Тапсырыс берушінің мекенжайына келесі айдың 25-ші жұлдызына дейінгі мерзімде нақты орындалған жұмыстардың көлемін растайтын барлық құжаттаманы беруге тиіс.

Тапсырыс беруші ұңғыда орындалған жұмыстардың Актісін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде орындалған жұмыстардың қортындысын тексереді. Қортынды бойынша орындалған жұмыстардың Актісін құптаған жағдайда осы құжаттың үш данасына қол қойып, оның екі данасын Мердігерге қайтарады, немесе орындалған жұмыстарды қабылдамаған жағдайда анықталған жетпестіктерді және олардың орындалу мерзімін көрсетіп Мердігерге қайтарады.

- 3) Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстар көлемінің орындалуын растайтын құжаттаманы беруге тиіс (Тараптардың қолы қойылған аяқталған жұмыстарды қабылдау Актілері ұңғыларда жүргізілген жөндеу түрлерімен бірге фактура-шотын ұсыну).
- 4) Мердігердің әрбір ұңғы бойынша орындалған Жұмыстарды табыстауы және оларды Тапсырыс берушімен (кәсіпшілік цехымен) қабылдап алуы орындалған жұмыстардың тиісті Актісін (Шарттың №16 Қосымшасы), 2 (екі) нұсқадан мемлекеттік және орыс тілінде,



рәсімдеумен және ұңғының ісін қалыптастыру кезінде, оны жөндеуден тапсырған кезде құжаттама қозғалысының тізбесімен жүзеге асады.

1.9. Ұңғыны жөндеуге тапсыру тәртібі:

Тапсырыс беруші жөндеуге тиіс ұңғылардың тізбесін анықтайды және бұдан бұрынғы жоспарланған Айдың 22-ші жұлдызынан кешіктірмей, алдағы жөндеу жұмыстарының жоспар-кестесін жасайды, соған сай ҰФЖ бойынша ұңғыны жөндеудің тіркелген үлгісі негізінде Тапсырыс-жүктелімдер беріледі;

2) апта сайын Тапсырыс беруші Мердігермен бірлесіп жөндеу бригадаларының ұңғылар және кенорындар бойынша қозғалысын апта сайын болатын ҚМӨА қозғалысы графигінде анықтайды, бригадалардың қозғалысын апта сайынғы ҚМӨА қозғалысының кестесіне сай нақтылайды;

3) ҚМӨА бойынша берілген Тапсырыс-жүктелімдер негізінде Мердігер үлгісінде жұмыстардың жөндеу түрлерінің жоспарын жасайды және Тапсырыс берушінің келісімін алып, жоспарды бекітеді және жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Мердігермен бекітілмеген және Тапсырыс берушімен келісілген жұмыс жоспарынсыз жөндеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынған;

4) Тапсырыс беруші ұңғыны жөндеуге тапсырғанға дейін бекітілген үлгіге сәйкес екіжақты Актіні жасап, ұңғының жөндеуге дайындығын қамтамасыз етуге міндетті: көтергіш астында сапалы алаңның болуы, ұңғыға қалыпты кіре берістің болуы, саға жабдығының жұмысқа дайын болуы (тұтқыштар және бұрыштық крандар, фланц жалғауларының дұрыс көлденең көрініссіз бекітілуі, саға жабдықтарының түгелдігі, егер Тапсырыс-жүктеме бойынша осыларды ауыстыру жөндеу түрі көрсетілмеген жағдайда), циркуляцияның болуы, электр энергиясының болуы, ұңғы сағасының және соның маңындағы аумақтың тазалығы, керек болған жағдайда ҰТҚ демонтаждау, балансир басының еркін ауысып жығылуы (тетіктерінің жарамдылығы), телефонограмма бойынша (қажет болған жағдайда) әсері бар су айдау ұңғыларын тоқтату, «ҚМГ» ӨБ геологтарының бекітілген үлгімен жасалған рұқсат жазбасы негізінде, екі жақты жасақталған Актісі бойынша жасалады;

5) Тапсырыс берушінің өкілі («ҚМГ» ӨБ цехтарының шебері) Мердігердің өкіліне (бригаданың шеберлеріне) жөндеуге келіп түсетін Ұңғыны табыстау және қабылдаудың бекітілген үлгі Актісіне сай тапсырады;

6) бригада кезекті ұңғыға көшуін бастағанға дейін Мердігердің өкілі Тапсырыс берушінің атынан әрекет ететін «ҚМГ» ӨБ уәкілетті тұлғасына күні мен уақытын көрсетіп, ұңғылардың жөндеуге тапсыру қажеттілігі туралы телефонхатпен хабар береді. Телефонхат бригада көшерден кемінде 24 сағат бұрын Тапсырыс берушіге («ҚМГ» ӨБ цехтарына) тікелей тапсырылады;

7) ұңғыны жөндеуге тапсыру қажеттілігі туралы хабардың берілген және алынған күні, уақыты тараптардың табыстайтын және қабылдайтын жедел журналында тіркеледі;

8) Мердігер ұңғының, саға маңы аумағы мен жер үсті жабдығының жай-күйі үшін оны жөндеуге қабылдап алған сәттен бастап және оны жөндеуден кейін тапсырған сәтке дейін жауапты болады. Жөндеу уақытында жүргізілетін жұмыстың барлық түрі Мердігер



бригадасының вахталық журналында толығымен көрсетілуі тиіс, Мердігер вахталық журналдарды ұңғының жөндеуі аяқталған соң үш Ай ішінде сақтауын және оларды Мердігердің мұрағатында сақтауға тапсырылуын қамтамасыз етуге міндетті;

9) Ұңғының геофизикалық жұмыстарға дайындау сапасына жауапты Мердігер ұңғыны геофизикалық зеріттеумен (бұдан әрі-ҰГЗ) байланысты жұмыстарды өз күшімен жүргізеді;

1.10. Жөндеуден кейін қабылдау тәртібі:

1) Тапсырыс беруші («ҚМГ» ӨБ цехының шебері) әрбір ұңғы бойынша БҚЖ аяқталған Ұңғыны пайдалануға қабылдап алады;

2) Мердігер Тапсырыс берушіге Ұңғыны пайдалануға алдын ала тапсыру жөнінде қабылдаудан бір тәулік бұрын хабар береді;

3) ұңғыны табыстау және қабылдау Актісіне (Шарттың №5 Қосымшасына) сай тапсырып, сонымен қатар Тапсырыс-жүктелім бойынша жөндеу мақсатына жетіп, орындалған жұмыстардың Актісі ұсынылғанда, Ұңғы Тапсырыс берушімен қабылданып алынған деп есептеледі, ұңғыда оң нәтижелерге жеткен соң, сондай-ақ аумақты қоқыс пен өндірістік қалдықтардан, майланған топырақтан, мұнай қамбаларынан, мұнайдың төгілуінен толық тазартқаннан кейін 7 (жеті) тәулік;

4) Тараптар тағайындап, қол қойылыған жұмыс көлемі және Тапсырыс беруші жасалған жұмыс қызыметіне төлеген бағасы қайтара қаралмайды;

5) Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдаудан уәжді бас тартқан жағдайда, Тараптар қажетті түзетулер мен олардың орындау мерзімі тізбесін көрсетумен екіжақты Актіні жасайды.

6) Егер Шарттағы Жұмыстарды орындау барысында теріс нәтиже алудың болмай қоймайтындығы немесе жағдайға байланысты Жұмыстарды одан әрі жүргізудің мақсатқа сай еместігі анықталғанда, Мердігер бұл жөнінде Тапсырыс берушіге бір күнтізбелік күн ішінде хабар беруге міндетті. Егер «ҚМГ» ӨБ көрсетілген мәселені шеше алмаған жағдайда мәселе «ММГ» АҚ геологиялық-техникалық кеңесінде қарауға міндетті.

7) Тапсырыс беруші Мердігердің Шартқа сәйкес алған Жұмыстар нәтижелерін Тапсырыс берушінің таңдауына қарай кез келген мақсатта пайдаланады. Тапсырыс беруші Мердігердің рұқсатынсыз Жұмыстар нәтижелерін жариялауға құқылы. Тапсырыс беруші өзіне табысталған Жұмыстар нәтижелеріне қатысты құпиялылық жағдайларын сақтамайды.

8) Жөндеуден өткен Ұңғының ақтық қабылдануы Тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясымен жүзеге асады.

Жұмыстар бойынша оң нәтижеге жеткенде және Тараптар күрделі жөндеуден өткен ұңғылардың қабылдау Актісіне қол қойып, жоғарыда аталған Акт негізінде фактура-шоты ұсынылған кезде, Жұмыстар толық көлемде қабылдап алынған деп есептеледі.



1.11. КЕПІЛДІКТЕР

1) Мердігер өзінің Шартқа сәйкес орындайтын Жұмыстары Техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес келетініне, ал Тапсырыс-жүктелім бойынша Жұмыстар орындалатын ұңғы Шарттың 7.2. тармағымен белгіленген мерзім ішінде лайықты түрде жұмыс жасайтынына кепілдік береді.

2) Ұңғы іске қосылыған сәттен бастап ұңғы жұмысының кепілді мерзімі - 240 сағат (құбыр аралық қысымға, ұңғы аймағында грифон болғанда, пакер бүтіндігіне, айдамалау ұңғымаларыда тереңдікті бақылау үшін).

Егер осы уақыт ішінде ұңғы тоқталып Медігер күнәсінен болғаны анықталса, ұңғы жұмысын қалпына келтіру жөндеу жұмыстары Мердегер есебінен қайтарымсыз түрде жасалады.

Кепілдік мерзімі Тапсырыс берушімен көлем Актісіне уақытында қол қоюға және жасақтауға қатысты болмауы қажет.

3) Мердігер Тапсырысшыдан өз қызметкерлерінің жалақы деңгейін арттыруға байланысты жалақы бойынша толық төлемді өтеуді, сондай-ақ орындалатын жұмыс түрі бойынша тарифтік ставканы арттыруды талап етпеуге кепілдік береді

1.12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1) Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөнінде Тараптардың жауапкершілігі мен міндеттерін шектемелеу

Шарттың №4 қосымшасында көрсетілген.

2) Шарттың 4.1. тармағының 14) тармақшасы бойынша уақтылы ақпарат берілмеген әрбір нақтыланған

жағдайда Мердігер 10 (он) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді.

1.13. БАСҚА ШАРТТАР

1) Мердігер Тапсырысшыны ұңғыманы жөндеу нәтижесінде үшінші тұлғалар шеккен залалды өтеуге қойылатын талаптар мен талаптардан қоршайды, сондай-ақ Тапсырысшының мүлкіне, меншігіне және өз қызметкерлерінің денсаулығына залал келтірумен немесе залал келтірумен, сондай-ақ шарт ішінде және оны орындау салдарынан өз қызметкерлерінің қаза табуымен байланысты барлық тәуекел үшін жауапты болады.



2) Подрядчик за свой счет оплачивает некачественную подготовку скважины (недоход до глубины указанной в заявке, прихвата и затяжки геофизических приборов), при выполнении геофизических исследований на скважине при установлении вины Подрядчика.

1.14. ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТАЛАПТАР

1. Орындаушы Қазақстан Республикасының Заңнамасын, оған қоса өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің саясатын, ережелерін, регламенттерін орындауға кепілдік береді. Тапсырыс беруші Мердігердің, оның қосалқы Мердігерінің өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды бірнеше рет бұзғандықтан Шартты соттан тыс біржақты ретте бұзуға құқылы.

а) Мердігердің міндеттері:

1) *Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында өз персоналына Тапсырыс берушінің өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарын мәлімдеуге және сақтауға міндетті;*

2) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстар орындауды бастағанға дейін Мердігердің персоналы үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелер бойынша тиісті нұсқама/тренинг (газ шаруашылығы бойынша нұсқаманы қосқанда) өткізуге және Тапсырыс берушіге Мердігердің персоналында жеткілікті білім барына әрі өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық талаптарды сақтай отырып, өзінің тікелей міндеттерін орындау үшін қажет дағдыларға ие болатынына жазбаша кепілдіктер беруге міндетті;

3) Мердігердің персоналы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында бағдарламасы қызметкердің кәсібіне сәйкес келетін өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелер бойынша кезеңдік оқудан өтуге міндетті;

4) ерекше Жұмыстарды орындайтын Мердігердің персоналы (мәселен, химиялық реагенттермен, қысымдағы ыдыстармен, жүк тиеу-түсіру операцияларымен жұмыс жасау, т. б.) тиісті Жұмыс түрлері бойынша қауіпсіздік ережелеріне үйретілуі тиіс. Мердігер рұқсат-жүктелімнің рәсімдеуін жүргізген кезде қауіптілігі жоғары Жұмыстардың тізбесін әзірлеуге және белгіленген тәртіпте келісімін алуға міндетті;

5) Мердігер белгіленген тәртіпте оқудан, нұсқамадан, сынақтамадан өткен, сәйкесті біліктілік куәліктері бар, денсаулық жағдайы жарамды (медициналық тексеруден өткен) Мердігердің персоналын Жұмыстар өндірісіне жіберуге міндетті;



6) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстар орындауды бастағанға дейін Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің персоналын өндірістегі қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан сақтандыру шартын жасауға және Тапсырыс берушіге Шарттың көшірмесін беруге міндетті;

7) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстар орындауды бастағанға дейін Апаттық жағдайларды жою жоспарын әзірлеуге және Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті;

8) **Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында Мердігердің әрекетінен туындаған қолайсыз әсерден атмосфералық ауаны, жер үсті және жер асты суларды, топырақ пен жерді, жер қойнауларын, жануарлар және өсімдік әлемін қорғап, осындай әрекеттен туындауы ықтимал залалды азайта отырып, қоршаған ортаны қорғауға қажет барлық қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндетті;**

9) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында газ қауіпсіздігінің режимін ұстап тұруға және сақтауға, соның ішінде Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартылған персоналдың апаттық көшіру мүмкіндігін қарастыруға міндетті;

10) Мердігер шартқа қол қойғанға дейін қосымша беруге міндетті:

· табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау төңірегіндегі шараларды орындауға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықты;

· қауіпті қалдықтармен жұмыс жасауға құқығы бар куәлігінің қосымшасымен қауіпті қалдықтарымен жасауға жіберілген тұлғалар туралы мәліметті;

11) Тапсырушының жұмыстарын орындау кезінде немесе Тапсырыс берушінің өндірістік аумағында болған (туындаған) жағдайда қоршаған ортаға залал келтіру туралы (мұнай-газ айқындалуы, су мен мұнайдың құйылуы) апаттық ахуалдар туралы дереу бір сағат ішінде мына телефон бойынша мәлімдеу: 8 (7292) 211 131; 8 (7292) 211 137; 8 (7292) 215 127;

12) барлық өндіріс қалдықтарын күндізгі уақытта тасып шығарылуын қамтамасыз етуге;

13) Тапсырыс берушінің аумағында қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтауға;

14) қалдықтардың пайда болуын қысқартуға және (немесе) олардың қауіптілік деңгейін азайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

15) Қазақстан Республикасы Заңнамасы: Еңбек және Экологиялық кодекстер, «Қауіпті өндіріс нысандарында өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Заңы, Мұнай және газ кен орындарын игерудегі өнеркәсібі қауіпсіздігінің талаптары, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сай өз қызметін қауіпті өндіріс нысандарында жүзеге асыруға;

16) қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде жүргізушілер өзімен бірге алуы керек:

· жүкті (қалдықтарды) таситын маршруты көрсетілген жол-сапар парақ,



- таситын қауіпті қалдықтардың төлқұжаттарының көшірмесі;

17) Мердігерге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

· Тапсырыс берушінің жұмыс алаңына және іргелес тұратын учаскелеріне, басқа өндірістік алаңдарына мұнай, мұнай өнімі, химиялық реагенттер, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын лақтыру,

· ҚР аумағында экологиялық қауіпті технологиялар, техника мен жабдық тізіліміне енгізілген сонымен бірге пайдалануда норматив-тік мерзімі өтіп кеткен технологияларды, техника мен жабдықтарды қолдануға,

· ҚР Экологиялық кодексімен бекітілген экологиялық талаптарға сәйкес келмейтін технологиялар, техника мен жабдықты қолдану және соның нәтижесінде пайда болатын қалдықтарды зиянсыз ету немесе оларды пайдаға асыру бойынша ҚР технологиялар жоқ болуы немесе оларды пайдаға асыру биік экологиялық тәуекелдікпен түйіндеседі,

су қорғау аймақтардың шекараларында автокөліктер мен тетіктерді жуу,

· су қорғау аймақтарда қалдықтар жинау орнын орналастыру және автокөліктер мен тетіктерді жөндеу,

· қауіпсіз қалдықтарды қауіпті қалдықтармен, сонымен бірге оларды өндіру, тасымалдау және сақтау үдерісінде қауіпті қалдықтардың әр түрлі түрлеріне өзара араластыру,

· коммуналдық қалдықтарды рұқсатсыз жағып жіберу;

18) Қоршаған ортаны кез келген негативті әсер келтіруден сақтап қалу;

19) Тапсырыс берушінің өндірістік аумағында ҚОҚ талаптарын міндетті сақтау туралы мәліметті жұмыс персоналына жеткізу, сондай-ақ (қызметтер көрсету) жұмыстар орындалысында ҚР және Тапсырыс берушінің нормативтік актілерін басшылыққа алу;

20) Мердігер қоршаған ортаны қорғауда эмиссияға рұқсат алуға өздігінен міндетті, қоршаған орта жағдайында эмиссияның барлық нормативтерін сақтайды, барлық пайда болған қалдықтарды шығару және жоюға Жұмыс берушінің бөлінген жеріне араластырмауға және орналастырмауға жауапты;

21) Тапсырыс берушінің полигонына қалдықтарды

тапсырғанда, қалдықтардың белгілі бір түрге жататындығын растайтын, олардың сандық және сапалық сипаттамалары туралы дәйекті ақпаратты және қауіпті қалдықтарға қоса берілетін қауіпті қалдықтар төлқұжатының көшірмесін ұсынуға;

22) Мердігер барлық түрдегі қалдықтар мен ағынды шығару және жою жөніндегі барлық растайтын құжаттарды (тауарлық-көлік қағазы, тексеру талоны, пайда болған қалдықтарды тіркейтін кітапша көшірмесі) Жұмыс берушіге (өнеркәсіп қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті) тоқсансық есептен кейін тапсыруы керек;



4652696298

23) Тапсырыс берушінің аумағында мұнайдың, сулы мұнай эмульсиясының төгілуіне, басқа ластаушы заттардың тасталуына жол бермеуге. Мердігер Тапсырыс берушінің аумағын ластаған жағдайда, Мердігер уәкілетті және қадағалаушы мемлекеттік органдардың алдында толық жауапкершілікте болады және мемлекетке Заңнамамен көзделген барлық айыппұлдар мен өзге де төлемдерді төлеуге міндетті, осымен қатар Тапсырыс беруші алдында;

24) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында жер бедеріне сұйықтықтың (флюидтердің) немесе заттардың (реагенттердің) төгілуін/шығуын болдырмауға және ағынды суларды пайдалану жөнінде тиісті шараларды қабылдауға тиіс. Жер бедерін ластайтын барлық төгінділер мен басқа да апаттық тастанды заттар жойылуға, келеңсіз әсерге ұшыраған аумақ Мердігермен тазартылуға тиіс. Ықтимал төгінділерді жою мақсатында Мердігердің барлық қажетті жабдығы мен материалы, сондай-ақ оқытылған персоналы болуға тиіс;

25) майды, химикаттар мен басқа да сұйық ластайтын агенттерді қолдану арқылы Жұмыстарды жүргізіп жатқан Мердігерде ықтимал төгінділерді жою үшін барлық қажетті жабдық пен материал, сондай-ақ оқытылған персонал болуға тиіс;

26) Мердігер атмосфераны ластайтын заттардың атындыларымен (газды өртеу) байланысты Шарт бойынша Жұмыстар орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіге жоспарланған мерзім, Жұмыстардың орындау орны, атынды жүргізуге жоспарланып отырған технологиялық үдеріс, сондай-ақ жоспарланған атындылар көлемі туралы телефонхатпен хабар беруге және Тапсырыс берушіден осындай Жұмыстарды орындауға рұқсат алуға тиіс;

27) Мердігер қауіптілігі жоғары жұмыстармен (газге қауіпті, отқа қатысты, т.б.) байланысты Шарт бойынша Жұмыстар орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіге Жұмыстардың жоспарланған мерзімі мен орындау орны туралы телефонхатпен хабар беруге және Тапсырыс берушіден оның персоналының осындай Жұмыстарды жүргізуге қатысуы немесе қатыспауы туралы хабар алуға тиіс;

28) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында Мердігер қызметінің нәтижесінде пайда болған өндіріс және тұтыну қалдықтарын арнайы бөлінген Алаңдарда жинау, уақытша сақтау, ал Жұмыстар аяқталған соң – оларды жою (тұрмыстық және құрылыс қоқыстарды, тамақ қалдықтарын, металл сынықтарды және т.б. тасып шығару) жөнінде тиісті шаралар қабылдауға міндетті;

29) Мердігер өз Персоналының денсаулығы үшін әрдайым жауапты болуға тиіс және кез келген уақытта Мердігер Персоналының жарамдылығын растауға дайын болуға тиіс, Тапсырыс берушінің талабы бойынша, барлық Мердігер Персоналының жарамдылығын растайтын, Жұмыс басталардан 1 (бір) сағат бұрын, я болмаса Тапсырыс беруші белгілеген кез келген басқа кезеңде медициналық тексеруден өткен дәлелдемелерін ұсынуға тиіс. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Мердігер өз Персоналының жұқпалы аурулармен ауырмайтынына және зиянды заттардың әсеріне шалдықпайтынына көз жеткізу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс;

30) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында білікті медициналық жәрдем көрсету үшін жарақат алған персоналды жақын маңдағы ауруханаға (медициналық мекемеге) жеткізу мүмкіндігін қарастыруға тиіс;



31) Мердігер барлық қажетті жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен Мердігер Персоналын қамтамасыз етуге міндетті. Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің персоналы жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын дұрыс қолдана білуге тиіс;

32) Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында оқиғалар мен қайғылы оқиғалардың есебін жүргізуге және Тапсырыс берушіге мына ақпарат туралы хабарды дереу беруге міндетті:

- төтенше жағдайлар, табиғи апаттар,
- апаттар, қақтығыстар, Қиыншылықтар, өрт,
- лаңкестік әрекеттердің қауіп-қатері және көрінісі,
- өндірістегі қайғылы оқиғалар,
- ЖАО.

33) Мердігер Қазақстан Республикасының Заңнамасы белгілеген тәртіпте Жұмыстарды орындау барысында болған барлық оқиғалардың тексеруін жүргізуге және Тапсырыс берушіге оның нәтижелерін ұсынуға тиіс. Тексеру апаттың негізгі себебін, оқиғада кінәлі тұлғаларды анықтауға тиіс және осы жағдайларды болдырмау үшін нұсқаулар беріледі;

34) Мердігер Тапсырыс берушімен өткізілген тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюға, алдын ала ескерілген уақыт кезеңінде нақтылау әрекеттерін лайықты түрде орындауға және Тапсырыс берушіге анықталған бұзушылықтар туралы жазбаша хабарламаны беруге тиіс;

35) Шартты орындау барысында радиация көздерін пайдаланатын Мердігер Қазақстан Республикасында оларды пайдалану құқығы бар лицензияға және радиация көздерімен жұмыс жасауға қажет барлық рұқсаттарға ие болуға міндетті. Персонал мен қоршаған ортаға ионизация туғызатын сәуленің ең төменгі ықтимал әсер ету кезінде радиация көздерімен жасалатын жұмыс жүзеге асуға тиіс;

36) радиация көздерімен жұмыс жасайтын Мердігер Персоналы радиациялық қауіпсіздік ережелерін оқып үйренуден өтуге тиіс. Радиациялық оқиға болған жағдайда әрекет ету жоспары нысанда немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау ауданында болуы керек;

37) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында жарылғыш заттарды қолданатын Мердігерде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және басқа да мемлекеттік қадағалаушы органдардың жарылғыш заттармен Жұмыс жасауға қажет барлық тиісті рұқсаттары болуға міндетті;

38) жарылғыш заттармен Жұмыстарды іске асыратын Мердігердің персоналы сәйкесті оқудан өтуге тиіс. Жарылғыш заттармен оқиға болған жағдайда әрекет ету жоспары нысанның өзінде немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау ауданында болуы керек;



39) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында химиялық заттарды (реагенттерді, т. б.) қолданатын Мердігер сақталатын және қолданылатын химиялық заттардың есебін жүргізуге міндетті. Химиялық заттардың орамасында саңылау болмайды, заттек туралы ақпаратты қамтиды. Химиялық заттардың сақталуы қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, қоймаға кіру шектелуге тиіс;

40) химиялық заттармен Жұмыс жасайтын Мердігердің персоналы сәйкесті оқудан өтуге тиіс. Химиялық заттармен оқиға болған жағдайда әрекет ету жоспары нысанның өзінде немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау ауданында болуы керек.

41) Шарт бойынша Мердігердің міндеттемелері оның қосалқы Мердігерлеріне және Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін өзге негізде тартылған тұлғаларға толық көлемде қатысты болады;

42) Мердігер осы тармақта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе лайықсыз орындаған жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген іс-әрекеттерді өзі дербес немесе тартылған ұйымдардың күшімен орындауға және Мердігерден тиісті шығындарды өндіріп алуға құқылы.

1.14.2. Тапсырыс берушінің міндеттері:

1) Мердігермен Шарт бойынша Жұмыстардың орындалуы басталғанға дейін Тапсырыс беруші Мердігерді Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатымен, ережелерімен, регламенттерімен таныстыруға міндетті;

2) *Тапсырыс беруші Мердігерден өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар Жоспарын алған сәттен бастап үш күн ішінде оны мақұлдауға немесе Мердігерге дәлелді сын-ескертпелері мен оны түзету жөніндегі ұсыныстарын жолдауға міндетті;*

3) Тапсырыс беруші Мердігерден атмосфераны ластайтын заттардың атындыларымен (газды өртеу) байланысты жоспарланған Жұмыстар туралы хабарламаны алған сәттен бастап тәулік ішінде Тапсырыс берушіге осындай Жұмыстардың өткізілуіне рұқсат беруге немесе Мердігерге дәлелді бас тартуын немесе оларды өткізу мерзімін ауыстыру туралы хабарламаны жолдауға міндетті;

4) Тапсырыс беруші Мердігерден жоспарланған қауіптілігі жоғары Жұмыстар (газге қауіпті, отқа қатысты, т.б.) туралы хабарламаны алған сәттен бастап тәулік ішінде Мердігерге өзінің осындай Жұмыстар жүргізу үшін қатысу ойын хабарлауға міндетті;

5) Тапсырыс беруші оқиға туралы есепті алып, оның себептерін тексеру үшін қатысуға шақырту алған сәттен бастап тәулік ішінде Мердігерге Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында туындаған көңіл қоюды талап ететін оқиғалар тексерісіне өзінің қатысу ойын хабарлауға міндетті;



6) Тапсырыс беруші тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде тексеріс нәтижелерін қамтыған екіжақты актіні рәсімдеуге және оны Мердігерге анықталған бұзушылықтарды жою үшін тапсыруға міндетті;

7) Тапсырыс беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нұсқамадан өткен соң Мердігердің жұмыс аумағына барып тұруға міндеттенеді;

8) Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қажет өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты өзіндегі барлық ақпаратты ұсынуға, соның ішінде Мердігерге (Тапсырыс берушінің нормативтік құжаттары көрсетіледі) жолдауға міндетті.

1.14.3. Мердігер *Тапсырыс берушіге өзінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қажет өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты ақпаратқа жүгінуге құқылы.*

1.14.4. Тапсырыс берушінің құқықтары:

1) Тапсырыс беруші Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында туындаған барлық оқиғалардың тексерісіне қатысуға, Мердігерге осындай оқиғалар мен олардың зардаптарын жоюды орындауға міндетті іс-шараларды көрсетуге құқылы;

2) Тапсырыс беруші Мердігер жүргізген қауіптілігі жоғары Жұмыстарға (газге қауіпті, отқа қатысты, т.б.) қатысуға құқылы;

3) *Тапсырыс беруші Мердігермен Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптардың сақталуына тексерістер жүргізуге құқылы;*

4) *Тапсырыс беруші Мердігермен өрт қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар бұзылған жағдайда, Жұмыстардың орындалуын тоқтата тұруға, ал егер бұндай бұзушылық жойылмаса немесе елеулі болса, Шартты орындаудан біржақты ретте бас тартуға құқылы;*

5) Мердігер бекітілген кестеге сәйкес Тапсырыс берушінің өндірістік аумағында (қызметтер көрсету) жұмыстар орындауда кезінде өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға құқықты, олар мүмкіндік береді:

- Мердігерлік жұмыстарды орындау нысандарында, учаскелерде қоршаған ортаны қорғау жағдайын тексеру және ҚР табиғи ортаны қорғау заңдарының нормалары мен ережелері, жағдайлар мен стандарттардың айқындалған бұзушылықтарын жою туралы ұйғарымды Мердігердің жауапты ИТҚ мен өндірістік қызметкерлер құрамына міндетті орындауға ұсыну,

- өндірістік, қызметтік және тұрмыстық жайларды кедергісіз қарап шығу, ҚОҚ мәселелері жөніндегі құжаттарымен танысу,



· Мердігердің уәкілетті тұлғаларынан ҚОҚ мәселелері жөніндегі материалдары сұратып алуға, осы бұзушылық жіберген олардың қызметкерлерінің жазбаша түсініктемесін талап ету,

· Орындаушы уәкілетті тұлғаларынан қоршаған ортаны қорғау бойынша нұсқауды, ережелер мен нормаларды дөрекі бұзатын немесе өз міндеттерін орындамайтын олардың қызметкерлерін жұмыстан босатуға талап ету,

· бұрын айқындалған бұзушылықтарды жою мен ескерту бойынша шаралар қабылдау және Орындаушы қызметкерлерімен қоршаған ортаны қорғау талаптарының бірнеше қайталану бұзылушық жағдайда (қызметтер көрсету) Орындаушы шартын бұзу.

8.6. Кен орындарында алкоголь ішімдіктерін, психикалық белсенді заттар мен есірткі заттарды байқаған, алып жүрген, таратқан фактілері анықталған жағдайда, Мердігердің қызметкерлерінің алкоголь ішімдіктерін, психикалық белсенді заттар мен есірткі заттарды қолданған, сондай-ақ Мердігердің қызметкерлерін кенорын аумағында мас және өзге күйде байқаған жағдайларды қосқанда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша сол қызметкерді ауыстыруға міндеттенеді.

1.14.5. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігерге:

1. Кен орнының геологиялық ерекшеліктерін, ұңғыманың техникалық параметрлерін ескере отырып, бағанаралық қысымның пайда болу себептерін анықтау бойынша зерттеу, Диагностикалық жұмыстарды жүргізу бағдарламасы мен жоспарларын әзірлеу және оларды "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ келісімшарттық аумағындағы 5 пайдалану ұңғымасында жою және Тапсырыс берушімен келісу;

2. Техника мен технологияның көмегімен бағанаралық қысымның пайда болу себептерін зерттеу, диагностикалау және оларды жою жөніндегі далалық жұмыстарды орындау:

- Орындаушы базасынан ұңғымаға Ұңғымаларды МКП айдау үшін зерттеу зертханасын, жабдықтар мен материалдарды (герметикалық сұйықтықтарды) тасымалдау (жұмылдыру) ;

- акт бойынша Тапсырыс берушіден ұңғыманы және оның айналасындағы аумақты қабылдау;

- сағалық жабдықты бағанаралық бұруда тазарту жұмыстарын жүргізу;

- жұмыс бағдарламасына сәйкес 5 пайдалану ұңғымасында пайда болу себептерін зерттеу, диагностикалау және МКД жою бойынша далалық жұмыстарды жүргізу;

-зерттеу зертханасын, жабдықтар мен материалдарды МКД жоюға жататын келесі ұңғымаға монтаждау-бөлшектеу, қайта орналастыру.

3. Орындалған жұмыстар бойынша есепті "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ тапсыру.



Шарттың №3

қосымшасы №1117854/2025/1 от 23.07.2025 жылғы

Шарттың №3

қосымшасы №1117854/2025/1 от 23.07.2025 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктерінің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	внутристрановая ценность в товаре, тенге	внутристрановая ценность в договоре, %
					в единице измерения по ст.5	акпалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.



4652696298

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

№ р/с	Орындаушы/Суб мердігер	Келісім -шарт нөмірі	Келісім- шарттың құны	Келісім-шарт шеңберінде орындаушы немесе субмердігер сатып алатын/сатып алған тауарлардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындау шеңберінде жасалатын/жасалатын субмердігерлік келісім-шарттардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе субмердігердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі	Шарттағы елішілік құндылық үлесі, (ақша қаражат түрінде)
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

№ р/с	Орындаушы	Келісім-шарт	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	внутристрановая ценность в договоре, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{табл.1}) + \sum 8(\text{табл.2}) / 6 * 100\%$)
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Вэнь Цзяцзюнь, генеральный директор

Сейтмаганбетов Болат Сулейменович, первый заместитель генерального директора

Чжан Юнцзян, заместитель директора департамента бурения и капитального ремонта скважин

Цзин Липу, директор департамента правового обеспечения

Таганов Нурман Нурадилович, заместитель директора департамента правового обеспечения

Жумагалиева Актоты Бегеровна, старший юристконсульт отдела договоров департамента правового обеспечения

Утарбаев Беркин Аскарлович, директор департамента закупок

Ван Юаньбяо, заместитель директора департамента закупок

Кайсенова Гулмира Маратовна, начальник отдела контрактов по закупу услуг

Кушалиев Арсений Юрьевич, Директор



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Договор о закупке работ №1117854/2025/1

23.07.2025 г.

Акционерное общество "Мангистаумунайгаз", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице генеральный директор Вэнь Цзяцзюнь, действующего на основании выписка из протокола очного заседания Совета директоров АО "Мангистаумунайгаз" от 09.11.2024г. №101 (дата выписки 02.12.2024г.), Первый заместитель генерального директора Сейтмаганбетов Болат Сулейменович, с одной стороны, и ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "КАЗМУНАЙХИМ СЕРВИС" именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице Директор Кушалиев Арсений Юрьевич, действующего на основании Приказ, № 01-п от 18.11.2024 г., с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании Протокол итогов № 1117854, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что:

- является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством;
- отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора;
- оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы (далее - Работа), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет 26748960.00 (двадцать шесть миллионов семьсот сорок восемь тысяч девятьсот шестьдесят) Тенге с учетом НДС РК и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

2.4. Оплата за выполненные Работы, в том числе окончательный расчет по Договору, производится в срок не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания сторонами Акта (-ов) выполненных Работ (далее - Акт выполненных Работ) и предоставления следующего (их) документа (ов):

2.4.1. Расчет внутристрановой ценности на весь объем Работ, выполненных в рамках Договора в форме электронного документа (предоставляется в информационной системе АО «Самрук-Қазына», обеспечивающей проведение электронных закупок (далее – Веб-портал) вместе с окончательным Актом выполненных Работ);

2.4.2. Электронный счет-фактура;

2.4.3. Акт выполненных Работ.

2.5. Акт (ы) выполненных Работ, оформленный (-е) и подписанный (-е) в соответствии с законодательством направляются Подрядчиком Заказчику посредством Веб-портала.

